

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Каир қаласында Сұлтан Аз-Захер Бейбарыс мешітін қалпына келтіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 9 қыркүйектегі N 833 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Каир қаласында Сұлтан Аз-Захер Бейбарыс мешітін қалпына келтіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қазақстан Республикасының
К. Мәсімов*

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Каир қаласында Сұлтан Аз-Захер Бейбарыс мешітін қалпына келтіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы

Каирда 2007 жылғы 28 қазанда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Каир қаласында Сұлтан Аз-Захер Бейбарыс мешітін қалпына келтіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі арасындағы Каир қаласында Сұлтан Аз-Захер Бейбарыс мешітін қалпына келтіру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Египет Араб Республикасының Үкіметі,
екі ел арасында қалыптасқан достық қарым-қатынастардың маңыздылығын ескере отырып,
өзара ынтымақтастықты дамытуға тілек білдіре отырып,
мәдени ынтымақтастықтың халықтар арасындағы достық қарым-қатынастар мен өзара түсіністікті тереңдетуге қызмет ететінін түсіне отырып,
төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар египеттік Тарап дайындаған жоспар мен техникалық жобаларға сәйкес Египет Араб Республикасының Каир қаласындағы Сұлтан Аз-Захер Бейбарыс мешітін (бұдан әрі - мешіт) қалпына келтіру жөніндегі бірлескен іс жүзіндегі шараларды қ а б ы л д а й д ы .

Тараптардың әрқайсысы мешітті қалпына келтіруді қаржыландырады.

Қазақстандық Тарап қайтарымсыз негізде 4 миллион 500 мың АҚШ долларын бөледі. Көрсетілген қаражат 2007 - 2009 жылдар ішінде тең мөлшерде бөлінеді. Мешітті қалпына келтіруге қатысты шығыстардың қалған бөлігін египеттік Тарап ж а б а д ы .

Қайтарымсыз негізде қазақстандық Тарап бөлетін қаражат Египет Араб Республикасының заңнамасы белгілеген салықтар мен алымдарды төлеу үшін қандай да бір түрде пайдаланылмайтын болады.

2-бап

Египеттік Тарап тиісті египеттік заңнамаға сәйкес мешіттегі қалпына келтіру жұмыстарын жүргізетін қалпына келтіру саласындағы египеттік білікті құрылыс компанияларының қатарынан бас мердігерді анықтайды.

3-бап

Тараптар мешітті қалпына келтіру бойынша қаражатты іске асыруды техникалық, қаржылық және әкімшілік жағынан басқару үшін египеттік Тараптың басшылығымен Үйлестіру комитетін құрады. Осы Үйлестіру комитеті әрбір Тараптың уәкілетті мемлекеттік мекемелерінің екі немесе үш өкілдерінен тұрады және қаражатты іске асырудың ағымдағы жағдайы туралы, сондай-ақ атқарылған қалпына келтіру жұмыстарының жай-күйі туралы египеттік Тараптың келісімі бойынша екі Тараптың уәкілетті органдары үшін есепті кезеңнен кейінгі айдың он бесінші жұлдызына дейін тоқсан сайын есеп дайындайды.

4-бап

Үйлестіру комитетіндегі қазақстандық Тарап өкілдерінің барлық жұмыс шығыстары Комитетпен келісе отырып, мешітті қалпына келтіру үшін қайтарымсыз негізде қазақстандық Тарап бөлетін қаражаттан төленеді.

5-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін, осы Келісімнің ажырамас бөліктері болып табылатын және 10-бапта белгіленген тәртіппен күшіне енетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге немесе орындауға қатысты даулар немесе пікір алшақтықтары Тараптардың уәкілетті органдары арасындағы келіссөздер мен консультациялар арқылы шешіледі. Егер де өзара тиімді шешім қабылданбаса, тиісті даулар мен пікір алшақтықтарын Тараптар шешеді.

7-бап

Осы Келісім олардың мемлекеттері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттардан туындайтын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

8-бап

Осы Келісімді іске асыру бойынша уәкілетті органдар:
қазақстандық Тараптан - Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат
м и н и с т р л і г і ;

египеттік Тараптан - Египет Араб Республикасының Тарихи ескерткіштер жөніндегі
ж о ғ а р ғ ы к е ң е с і б о л ы п т а б ы л а д ы .

Осы Келісім бойынша уәкілетті органдар өзгерген жағдайда Тараптар бір-бірін дипломатиялық арналар арқылы дереу хабардар етеді.

9-бап

Мешітті қалпына келтіруге қатысты орындалған жұмыстарды қабылдау Египет Араб Республикасының ішкі заңнамасына сәйкес Үйлестіру комитетінің қатысуымен, бас мердігермен жасасқан шартқа сәйкес жүзеге асырылады.

10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді Тараптардың орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап
к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім Тараптардың келіскеніндей мешітті қалпына келтіру жұмыстары аяқталғанға және оларды қабылдағанға дейін немесе Тараптардың бірі осы Келісімнің қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа кем дегенде алты ай бұрын жазбаша хабарлағанға
д е й і н қ о л д а н ы с т а б о л а д ы .

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату осы Келісімнің шеңберінде жасалған келісім-шарттарда аталған және осы Келісімнің уақыт жағынан қолданысын тоқтатуға дейін толық аяқталмаған құқықтары мен міндеттеріне ықпал етпейді.

Каир қаласында 2007 жылғы 28 қазанында, әрқайсысы қазақ, араб және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру бойынша даулар туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Бағдат Әміреев

Қазақстан Республикасының

Египет Араб Республикасындағы

Төтенше және Өкілетті Елшісі

Төрағасы

Египет Араб Республикасының

Захи Хауас

Египет Араб Республикасының

Тарихи ескерткіштер

жөніндегі жоғарғы кеңесінің

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК